

---

 ДИՒТАՒԱՆԱ
 

---

FTAMP 21.21.25

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-25>Н.Т.МАМЫРӘЛІ<sup>1\*</sup>, Н.Б.ПАРПИЕВ<sup>2</sup>

<sup>1</sup>"Әзірет Сұлтан Ұлттық" тарихи-мәдени музей қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы, зерттеуші қызметкер (Түркістан, Қазақстан), \*e-mail: [temiraliievichnurdaulet@gmail.com](mailto:temiraliievichnurdaulet@gmail.com)

<sup>2</sup>"Әзірет Сұлтан Ұлттық" тарихи-мәдени музей қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы, ғылыми қызметкер (Түркістан, Қазақстан), e-mail: [nurzhanparpiyev20@gmail.com](mailto:nurzhanparpiyev20@gmail.com)

 ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ДҰНИЕТАНЫМЫНЫҢ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ  
 НЕГІЗДЕРІ

**Аңдатпа.** Бұл зерттеуде Қожа Ахмет Ясауидің діни дүниетанымындағы негізгі ұстанымдары қарастырылады. Ең алдымен исламдық дәстүрде әрбір ізгі істің «Бисмиллаһ» сөзімен басталуының мәні түсіндіріледі. Ясауидің де хикметтерін «Бисмиллаһпен» бастап, оны мұсылмандықтың басты қағидасы ретінде қабылдағаны атап өтіледі. Зерттеудің келесі бөлімінде Ясауидің Аллаға иман және толық бағыну мәселесіне ерекше мән бергені айтылады. Адамның басты мақсаты Жаратушыға құлшылық ету екені және дүниенің өткінші қызықтарына алданып қалмау қажеттігі хикметтерінде үнемі ескертілген. Бұл ой Құрандағы тәухид сенімімен және сопылық дәстүрмен үндеседі. Сонымен қатар, еңбекте Ясауидің Мухаммед Пайғамбарға және оның сүннетіне беріктігі кеңінен талданады. Хикметтерінде Мұхаммед пайғамбар аса құрметпен мадақталып, оның өмірі үлгі ретінде көрсетіледі. Құран мен сүннет – діннің негізгі қайнары ретінде алынғандықтан, мұсылманның міндеті осы екі негізге сүйену екендігі баса айтылады. Зерттеудің маңызды бөлігі – Ясауидің хикметтеріндегі Құран ықпалына арналды. Шығармаларында қасиетті кітаптағы оқиғалар мен тақырыптар өзіндік тәсілмен жырланып, Құран әрі рухани, әрі поэтикалық ілім көзі ретінде қабылданғаны дәлелденеді. Ясауи Құранды тек оқумен шектелмей, оны өмірге қолданудың қажеттігін насихаттады. Жалпы алғанда, Ясауидің дүниетанымы – Құран мен сүннетке негізделген сопылық ілімнің жүйелі көрінісі. Оның хикметтері исламдық сенім мен рухани-ахлақтық тәрбиені халыққа қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізген көрнекті үлгі болып табылады.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, хикмет, Құран, сүннет, сопылық ілім, рухани тәрбие.

 N.T. Mamyrali,<sup>1</sup> N.B. Parpiyev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>"Aziret Sultan National" Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawi Studies Research Center, Research Associate (Turkistan, Kazakhstan), e-mail: [temiraliievichnurdaulet@gmail.com](mailto:temiraliievichnurdaulet@gmail.com)

<sup>2</sup>"Aziret Sultan National" Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawi Studies Research Center, Researcher (Turkistan, Kazakhstan), e-mail: [nurzhanparpiyev20@gmail.com](mailto:nurzhanparpiyev20@gmail.com)

---

 \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Н.Т.Мамырәлі, Н.Б.Парпиев. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының теологиялық негіздері // НІКМЕТ. – 2025. – №3 (5). – Б. 31–42.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-25>

\*Cite us correctly:

Н.Т.Мамырәлі, Н.Б.Парпиев. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының теологиялық негіздері // НІКМЕТ. – 2025. – №3 (5). – Б. 31–42.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-25>

Мақаланың редакцияға түскен күні 15.09.2025 / қабылданған күні 28.09.2025.

### The Theological Foundations of Khoja Ahmed Yasawi's Worldview

**Abstract.** This study examines the main principles in the religious worldview of Khoja Ahmed Yasawi. First, it explains the significance of beginning every righteous act in the Islamic tradition with the phrase “Bismillah.” It is emphasized that Yasawi also began his hikmets with “Bismillah,” considering it a central principle of Islam. The next part of the study highlights Yasawi’s special emphasis on faith in God and complete submission to Him. He consistently reminded in his hikmets that the primary purpose of human life is to worship the Creator and not to be deceived by the transient pleasures of the world. This idea resonates with the Qur’anic concept of tawhid and the Sufi tradition. The work also analyzes Yasawi’s devotion to the Prophet (peace be upon him) and his Sunnah. In his hikmets, the Prophet Muhammad is praised with deep reverence and presented as an exemplary model. For Yasawi, the Qur’an and Sunnah are the primary sources of religion, and therefore, a Muslim’s duty is to rely on these two foundations. An important part of the study is devoted to the influence of the Qur’an in Yasawi’s hikmets. His works demonstrate how the events and themes of the Holy Book were poetically reinterpreted and how he regarded the Qur’an as both a spiritual and poetic source of knowledge. Yasawi not only read the Qur’an but also preached the necessity of applying it to life. Overall, Yasawi’s worldview represents a systematic reflection of Sufi teachings based on the Qur’an and Sunnah. His \*hikmets\* stand as a remarkable example of conveying Islamic faith and moral-ethical education to the people in a simple and comprehensible language.

**Keywords:** Khoja Ahmed Yasawi, hikmah, Qur’an, Sunnah, Sufi doctrine, spiritual education.

**Н.Т.Мамырәлі<sup>1</sup>, Н.Б.Парпиев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан», Научный центр ясауиеведения, сотрудник-исследователь (Туркестан, Казахстан), e-mail:*

*[temiraliievichnurdaulet@gmail.com](mailto:temiraliievichnurdaulet@gmail.com)*

<sup>2</sup>*Национальный историко-культурный музей-заповедник «Әзірет Сұлтан», Научный центр ясауиеведения, научный сотрудник (Туркестан, Казахстан), e-mail: [nurzhanparpiyev20@gmail.com](mailto:nurzhanparpiyev20@gmail.com)*

### Теологические основы мировоззрения Ходжи Ахмеда Ясави

**Аннотация.** В данном исследовании рассматриваются основные принципы религиозного мировоззрения Ходжи Ахмеда Ясави. Прежде всего объясняется значение традиции начинать каждое благое дело со слов «Бисмиллях». Подчеркивается, что Ясави также начинал свои хикметы с «Бисмиллях», принимая его как важнейший принцип исламской веры. В следующей части исследования отмечается особое внимание Ясави к вопросу веры в Аллаха и полного подчинения Ему. В своих хикметах он постоянно напоминал, что главная цель человека – поклонение Творцу и необходимость не поддаваться мимолётным удовольствиям этого мира. Эта мысль созвучна с учением о таухиде в Коране и традицией суфизма. Кроме того, в работе подробно анализируется приверженность Ясави Пророку Мухаммеду и его сунне. В хикметах Мухаммед Пророк воспевается с глубоким почтением и представлен как образец для подражания. Для Ясави Коран и сунна являются основными источниками религии, поэтому обязанность мусульманина заключается в следовании этим двум основам. Важная часть исследования посвящена влиянию Корана на хикметы Ясави. В его произведениях события и темы Священной книги передаются в поэтической форме, что доказывает восприятие Корана как духовного и художественного источника знания. Ясави не ограничивался чтением Корана, но проповедовал необходимость его практического применения в жизни. В целом мировоззрение Ясави представляет собой системное отражение суфийского учения, основанного на Коране и сунне. Его хикметы являются ярким примером донесения

исламской веры и духовно-нравственного воспитания до народа простым и доступным языком.

**Ключевые слова:** Ходжа Ахмет Ясави, хикмет, Коран, Сунна, суфийское учение, духовное воспитание.

**N.T. Mamyrali,<sup>1</sup> N.B. Parpiyev<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>“Hazireti Sultan Ulusal” Tarihî ve Kültürel Müze-Koruma Alanı, Yesevî Araştırmaları Merkezi, Araştırmacı (Türkistan, Kazakistan), e-mail: [temiraliievichnurdaulet@gmail.com](mailto:temiraliievichnurdaulet@gmail.com)

<sup>2</sup>“Hazireti Sultan Ulusal” Tarihî ve Kültürel Müze-Koruma Alanı, Yesevî Araştırmaları Merkezi, Araştırma Görevlisi (Türkistan, Kazakistan), e-mail: [nurzhanparpiyev20@gmail.com](mailto:nurzhanparpiyev20@gmail.com)

### **Hoca Ahmet Yesevî Dünya Görüşünün Teolojik Temelleri**

**Özet.** Bu çalışmada Hoca Ahmed Yesevî'nin dini düşünce dünyasındaki temel ilkeler ele alınmaktadır. Öncelikle İslam geleneğinde her hayırlı işin “Bismillah” sözüyle başlamasının anlamı açıklanmaktadır. Yesevî'nin de hikmetlerini “Bismillah” ile başlattığı ve bunu İslam'ın temel kaidelerinden biri olarak kabul ettiği vurgulanmaktadır. Çalışmanın bir sonraki bölümünde Yesevî'nin Allah'a iman ve tam teslimiyet konusuna özel önem verdiği belirtilmektedir. Hikmetlerinde insanın asıl amacının Yaratıcıya kulluk etmek olduğu ve dünyanın geçici zevklerine aldanmamak gerektiği sürekli hatırlatılmıştır. Bu düşünce Kur'an'daki tevhid inancı ve tasavvuf geleneği ile örtüşmektedir. Ayrıca eserde Yesevî'nin Hz. Peygambere ve onun sünnetine bağlılığı geniş şekilde incelenmektedir. Hikmetlerinde Hz. Muhammed büyük bir saygıyla övülmüş ve onun hayatı örnek olarak gösterilmiştir. Yesevî nazarında Kur'an ve sünnet, dinin temel kaynaklarını teşkil etmektedir; dolayısıyla Müslümanın asli görevi, dini hayatını bu iki esasa dayandırmak olarak belirtilmiştir. Çalışmanın önemli bir kısmı Yesevî'nin hikmetlerindeki Kur'an etkisine ayrılmıştır. Eserlerinde kutsal kitaptaki olaylar ve konular özgün bir üslupla dile getirilmiş, Kur'an hem manevî hem de şiiresel bir bilgi kaynağı olarak kabul edilmiştir. Yesevî Kur'an'ı sadece okumakla kalmamış, onu hayata tatbik etmenin gerekliliğini de öğütlemiştir. Genel olarak Yesevî'nin dünya görüşü, Kur'an ve sünnete dayanan tasavvufi öğretinin sistematik bir yansımasıdır. Onun hikmetleri İslâm inancı ile manevî-ahlakî terbiyeyi halka sade ve anlaşılır bir dille aktaran dikkate değer bir örnek teşkil etmektedir.

**Anahtar kelimeler:** Hoca Ahmet Yesevî, hikmet, Kur'an, Sünnet, tasavvuf ilmi, manevi terbiye.

#### **Кіріспе**

Ислам дүниетанымы адамның өмірлік бағдарын айқындайтын сенім, құлшылық және ахлақтық құндылықтарға негізделген жүйе болып табылады. Оның түпкі мақсаты Жаратушыға иман келтіру, толық бағыну және адам болмысының мәнін құлшылық арқылы жүзеге асыру. Бұл қағидалар Құран аяттары мен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүннетінде кеңінен баяндалып, ислам өркениетінің діни-философиялық іргетасын құрайды.

Осы негіздер түркі мұсылмандығының көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығында терең бейнеленген. Оның хикметтері исламдық теологиялық дүниетанымның айқын көрінісі ретінде Аллаға иман, Оған толық итағат ету, Пайғамбарға беріктік және Құранға сүйенудің маңыздылығын насихаттайды. Ясауи өз еңбектерінде діни ілімді халыққа түсінікті тілде жеткізе отырып, сопылық ілім мен исламдық құндылықтарды үйлестірген рухани-дидактикалық жүйе қалыптастырды. Оның дүниетанымында Құран мен сүннет діни өмірдің басты қайнары, ал иман мен итағат рухани кемелдікке жетудің негізгі шарты болып саналады.

Бұл зерттеудің мақсаты Қожа Ахмет Ясауидің діни дүниетанымындағы теологиялық ұстанымдарды жан-жақты талдау. Атап айтқанда, Аллаға иман және толық бағыну

мәселесін, Пайғамбарға (с.ғ.с.) және оның сүннетіне беріктікті, сондай-ақ Ясауи хикметтеріндегі Құран ықпалының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан зерделеу.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл зерттеу жұмысы сапалық сипаттағы діни-философиялық талдауға негізделді. Алдымен Ахмет Ясауидің хикметтері негізгі дереккөз ретінде алынып, ондағы теологиялық мазмұн жүйелі түрде талданды. Мәтіндік талдау барысында салыстырмалы, тарихи және герменевтикалық әдістер қолданылды. Салыстырмалы талдау арқылы Ясауи дүниетанымындағы Аллаға иман, итағат, Пайғамбарға беріктік және Құран ықпалы сияқты ұстанымдар исламдық дәстүрмен, Құран аяттары мен хадистер мазмұнымен салыстырылды. Тарихи әдіс Ясауи шығармаларының сопылық дәстүр аясында қалыптасқан рухани-мәдени контекстін айқындауға бағытталды. Ал герменевтикалық әдіс мәтіндердің ішкі мағынасын ашып, хикметтердегі діни ұғымдарды түсіндіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар жүйелі талдау әдісі арқылы Ясауи дүниетанымындағы негізгі теологиялық қағидалар тұтастықта қарастырылып, олардың исламдық сенім жүйесіндегі орны мен мәні анықталды. Зерттеу барысында Ясауидің діни-философиялық ойлары қазіргі исламтану және теология ғылымындағы теориялық ұстанымдармен салыстырылып, оның еңбектерінің ерекшелігі ғылыми тұрғыдан негізделді.

### **Нәтежиелері және талқылау**

Қожа Ахмед Ясауидің Аллаға сенімі мен бойсұнуы

Ислам дүниетанымында әрбір мұсылман адам ізгі, дұрыс және пайдалы істі «Бисмилләмен» яғни Алланың атымен бастайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) әрбір істің басында «Бисмиллә айту» қажеттігін үнемі ескертіп: «Әрбір мағыналы істі бастағанда Алла еске алынып, «بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ» айтылмаса, ол іс баянсыз» (Махмуд ибн Ахмад әл-Ғәйни, 2001: 35). деп, бұл әрекеттің рухани маңызын айрықша атап өткен.

Құран оқығанда, тамақ ішіп-жегенде немесе қандай да бір іске кіріскенде «Бисмиллә» айту мұсылмандық сананың көрінісі ретінде қабылданған. Бұл әрекет адамның сол істі «Алланың атымен», «Оның ризалығы үшін», «Оның бұйрығымен» және «Оның рұқсатымен» бастап жатқанын білдіреді. Осылайша, халал және игі істерді Алланың атымен бастау әрбір мұсылманның ұстануы тиіс рухани міндеттердің бірі. Құран Кәрімде де бұл мәселеге қатысты көптеген аяттарда Алланы еске алудың қажеттілігі баяндалады. Ұлы түркі ойшылы әрі сопылық поэзияның негізін қалаушы Ахмет Ясауи де өз хикметтерінде әрдайым «Бисмилләмен» бастау дәстүрін берік ұстанған. Ол бір хикметінде бұл жөнінде былай дейді:

“Бисмиллә” деп баян еттім хикмет айтып,

Шәкірттерге дүр мен гәуһар шаштым, міне.

Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,

Мен “Дәптер сәни” сөзін аштым, міне. (Vice, 2019: 31)

Бұл шумақта Ясауи «Бисмиллә» сөзімен тек сөз бастау емес, рухани ізденіс пен ішкі тазаруға бет бұру екенін меңзейді. Ол өз хикметін Алланың атымен бастап, оны тыңдаушыларға хикметті, яғни терең мағыналы рухани маржандарды шашқанын бейнелейді. Сонымен қатар, риязат (нәпсіні тыйу, ауыр сынақтарға төзу) арқылы кемелдікке ұмтылғанын айтады. Ахмет Ясауидің бұл ұстанымы оның Құран мен сүннетке негізделген діни ой-танымының, рухани тәрбиесінің және сопылық ілімінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол үшін «Бисмиллә» сөздің ғана емес, рухани жолдың да бастауы.

Алла Тағалаға бойұсыну иманның өзекті шарты әрі шынайы мүмін болудың басты көрінісі. Құран Кәрімде Аллаға бойұсынғандардың ақыретте құтылатындығы, ал Оған қарсы келгендердің өкінетіні ашық түрде баяндалады. Иман бойұсынуды, ал одан бас тарту екіжүзділік (нифақ) сипаттарын айқындайды. Бұл мәселе ислам теологиясында ерекше маңызға ие. Ахмет Ясауи өз хикметтерінде Аллаға бойұсынудың қажеттілігін бірнеше мәрте баса айтқан. Ол үшін адамның бұл дүниедегі басты мақсаты Аллаға құлшылық ету, Оған толық бойсұну болып табылады. Бұл идея оның мынадай хикметтерінде көрініс табады:

Тағалаллаһу, неткен мағына,  
Сен жараттың тән мен жанды,  
Күні-түні құлшылық етсем де,  
Маған керек жалғыз Сенсің. (Öksüz, 2018: 46).

Ясауи бұл жолдар арқылы Жаратушы Алланың адам баласының жаратылуындағы түпкі мәнге негіз екенін көрсетеді. Оның түсінігінде адам баласының бар болу себебі Құдайға құлшылық ету және Оның бұйрығына мойынсұну. Бұл ой Құрандағы: «Мен жындар мен адамдарды Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым» (Құран, Зарият 56) аятымен үндеседі. Ахмет Ясауидің сопылық дүниетанымында Аллаға бойсұнудың тұрақтылығы Жаратқанның дидарын көру бақытына жеткізетін жол ретінде түсіндіріледі:

Хаққа бет бұрып мүмін болсаң, мойынсұн,  
Мойынсұнған Хақтың дидарын көреді, достар! (Әлібекұлы, 2008: 46)

Бұл жолдарда иман мен ғибадаттың өзара байланысы көркем түрде беріледі. Нағыз мүмін Жаратушыға толықтай бойсұнып, ғұмыр бойы Оның әмірлерін орындауға тырысқан жан. Осындай тұрақты құлшылықтың нәтижесінде мүмін адам Хақтың дидарын көру, яғни рухани кемелдікке жету мәртебесіне ие болады. Бұл Ясауи сопылығының басты мақсаты «дидар көру» идеалының көрінісі. Ахмет Ясауи, сонымен қатар, дүниеқоңыздық пен жалған бақтың артынан еріп, бұл дүниенің өткіншілігін ұмытқан пенделерді сынға алады. Ол мынадай хикметтерінде осы дүниенің қызығына алданып, Аллаға бойсұнуды ұмытқан адамдардың ахуалын суреттейді:

Дүние менікі деген сұлтандарға,  
Жиып-теріп байлық алған мырзаларға,  
Тек ішіп-жеп күнелткендерге,  
Өлім келсе ешбірі алаңдамас екен. (Tosun, N., Eraslan, K, 2019 : 287)

Бұл шумақ дүниеқұмарлыққа шектен тыс берілудің рухани соқырлыққа алып келетінін білдіреді. Адам баласы өмірдің өткіншілігін ұмытып, дүние-мүлікке шектен тыс тәуелді болса, Аллаға деген сенімі мен бойұсынуын жоғалтады. Ахмет Ясауи бұл жолдар арқылы адамды Жаратушыны ұмытпауға, өткінші дүниенің қызықтарында Аллаға құлшылықты жоғалтпауға үндейді. Осылайша, Ясауидің діни-философиялық ойларында Аллаға мойынсұну иманның іргетасы, ал дүниенің өткіншілігін ұғыну рухани кемелдікке жетудің шарты ретінде қарастырылады. Ахмет Ясауи дүниетанымының негізінде Алланың мәңгілігіне деген сенім мен адамның осы ақиқатты жүрекпен қабылдауы маңызды орын алады.

Ахмет Ясауидің хикметтерінде Алланың көркем есімдері мен сипаттары кеңінен орын алады. Зерттеулерге сүйенсек, Ясауи хикметтерінде Алланың «Алла», «Әзза уа Жәллә», «Хақ», «Қаххар», «Рахман», «Рахим», «Кәрим», «Құдырет», «Халиқ», «Рабб», «Мәулә», «Сүбхан», «Мәлік», «Пәруәрдиғар», «Илаһ», «Ол», «Бір», «Бар», «Шах», «Шаханшах», «Яр», «Сәттар», «Кафил», «Һади», «Назир», «Зат», «Зұл-Жалал» басқа да көптеген есім-сипаттары қолданылады. Бұл атаулар арқылы Ясауи тек Жаратушыны

мадақтап қана қоймай, Оған деген есімдер мен сипаттардың қолданылған бірнеше хикметтен үзінді келтіріледі:

Субхан ием пендесіне шапағат берсе,

Іші жанып, сырты күйген бір жан болар. (Әлібекұлы, 2008:58)

Бұл жолдарда «Субхан» есімі арқылы Алланың пәктігі, Оның барлық жаратылыстан пәк екендігі көрініс тапса, ақынның жалбарынуы Оның пендесіне беретін шапағатынан үміт етуі мен паналауын көрсетеді.

Қаһһар атты қаһарынан қорқып жылайды Қожа Ахмет,

Рахман атты рақымынан үміт етеді Қожа Ахмет. (Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, 1998:85 )

Мұнда бір мезгілде Алланың «Қаһһар» (қатал жаза беруші) және «Рахман» (шексіз мейірімді) сипаттары қатар аталып, сопылық дүниетанымға тән «хауф» (қорқу) пен «рижа» (үміт) тепе-теңдігі берілген. Бұл рухани тәрбиенің өзегін құрайтын ұстанымдардың бірі.

Хақ құлдары дәруіштер, ақиқатты білерлер,

Хаққа ғашық болғандар Хақ жолына кірерлер. (Әлібекұлы, 2008: 51)

Бұл шумақта Хақты (Алланы) шын сүйген, Оған толықтай мойынсұнған адамдар рухани тазарған, дүниеге байланбаған дәруіштер екендігі көрініс тапқан. Олар ақиқаттың мәнін түсінген, болмыстың шынайы сырын ұққан адамдар. Аллаға шын ғашық болғандар жүрегімен де, санасымен де Хаққа ұмтылып, Оның жолына түсіп, рухани кемелдікке қарай бет алады. Ахмет Ясауи үшін Алланың әрбір есімі рухани шындықты танытушы терезе іспетті. Бұл есімдер мен сипаттар арқылы ол Жаратушының шексіз құдіретін, мейірімін, сүюге лайықтығын сипаттайды және оқырманын бұл ұлық сипаттарды жүреппен танып, Оған жақындауға шақырады.

### **Қожа Ахмед Ясауидің хазіреті Мұхаммедке және оның сүннетіне беріктігі**

Құран Кәрімде Алла Тағала Өз елшісіне бағынудың маңыздылығын мына аят арқылы айқын білдірген: «Ей Мұхаммед! Айт: Егер Алланы жақсы көрсеңдер, маған еріндер. Сонда Алла да сендерді жақсы көреді әрі күнәларыңды кешіреді. Алла аса кешірімді, ерекше мейірімді. Айт оларға: Аллаға және Пайғамбарға бойұсынсын! Егер бет бұрса, білсін, Алла кәпірлерді жақсы көрмейді.» (Құран, Әли Имран 31-32)

Бұл аятта Пайғамбарымызға итағат ету шынайы Алла деген махаббатының және иманның ажырамас шарты ретінде көрсетілген. Осы түсінікті терең қабылдаған Ахмет Ясауи, өзінің 43-ші хикметін түгелдей хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өміріне арнап, оны өзіне тән сопылық әрі поэтикалық тәсілмен сипаттаған. Бұл хикмет Ясауидің Пайғамбарымызға деген терең сүйіспеншілігі мен құрметінің жарқын айғағы. Ол үнемі адамдарды хазіреті Пайғамбарымызға бойұсынуға, оның сүннетіне еруге үндеген және нағыз үмбет болудың шарты Пайғамбарымыздың жолымен жүру екенін айтқан. Ахмет Ясауи үшін шарифаттың рухани мәні мен сыртқы формасы Пайғамбарымыздың сүннетіне толықтай сәйкес келуі қажет. Оның мына бір шумағы осы ақиқатты нақтылай түседі:

Алла тағала сөзін, Расулуллаһ сүндетін

Иланбаған үмбетін үмбетім демес Мұхаммед» (Tosun, N., Eraslan, K, 2019: 170)

Ислам дінінің екі негізі бар: бірі Құран Кәрім, екіншісі хазіреті Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) сөздері мен амалдарынан тұратын сүннеті. Бұл жөнінде Алла елшісі: «Мен сендерге екі нәрсе қалдырып барамын. Оларға берік болсаңдар, ешқашан адаспайсыңдар, олар Алланың кітабы және Оның Елшісінің сүннеті» деп, Құран мен сүннеттің адамзат үшін жол көрсетуші екендігін мәлімдеген. (Malik b. Enes, 1994:246) Ахмет Ясауи өз хикметтерінде дәл осы екі қайнар көзге сүйеніп, шығармаларының мазмұнында Құран аяттарының мәнін,

хадистердің рухын көркем тілмен жеткізуді мақсат еткен. Ол бұл тұжырымын мынадай хикметтерімен білдіреді:

Менің хикметтерім хадистің қайнары,  
Адам үлес алмаса, біліп қой нәпсі тәсірі.  
Менің хикметтерім Сүбханның пәрманы,  
Оқып ұқсаң, табарсың Құранның мағынасын. (Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, 1998:161)

Бұл жолдардан Ясауидің хикметтерінің мазмұны тек рухани тәжірибе емес, сонымен қатар Құран мен хадиске негізделген діни ілім екенін көруге болады. Сонымен қатар, бұл бәйіттер Ахмет Ясауидің әһлі сүннет сенімін берік ұстанғанын көрсетеді. Ол өзінің діни көзқарасында әһлі сүннет уәл-жамағат қағидаларында, фикһта, Ханафи мәзһабында толықтай берік болған айқындайды. Ясауидің Пайғамбарымызға деген айрықша ілтипаты мен терең сүйіспеншілігі оның бүкіл шығармашылық мұрасынан айқын сезіледі. Бұл қасиет оны түркілік сопылық дәстүрдің ең жарқын өкілдерінің біріне айналдырады. (Н. Вісе, 2019:79-85) Хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) бүкіл әлемдерге рақым етіп жіберілген Пайғамбар. Бұл ақиқат Құран Кәрімде де айқын баяндалған: «Біз Сені бүкіл әлемге рақым етіп қана жібердік» (Құран, Әнбия 107)

Ахмет Ясауи хикметтерінде Мұхаммед пайғамбардың бүкіл болмысқа мейіріммен жіберілген елші екендігі жиі айтылады. Ол оны тек рухани жетекші ғана емес, барлық жаратылыс үшін үлгі, жолбасшы ретінде сипаттайды:

Он сегіз мың ғаламға даңқы шыққан Мұхаммед,  
Отыз үш мың сахабаға басшы болған Мұхаммед. (Öksüz, 2018: 118)

Ахмет Ясауидің діни-философиялық жүйесінде Алланың разылығына жету, жәннатқа кіру және Хақ тағаланың дидарын көру барлығы Пайғамбарымыздың сүннетіне берік болуға байланысты. Оның түсінігінде Пайғамбарымыздың сөзі мен ісі адамды дүниелік және ақыреттік бақытқа бастайтын нұрлы шам, адастырмайтын бағдар. Бұл көзқарас мынадай хикметтерінде бейнеленеді:

Сүннеттерін мықтап ұстап, үммет болдым,  
Жер астына жалғыз түсіп, нұрға толдым.  
Сопылардың мақамына жақын болдым,

Нәпсіні көңіл найзасымен шаныштым міне, дейді. (Fidan, 2018: 577) Мұнда сопылық символика арқылы сүннетке беріктік рухани нұрға айналатыны, ал бұл нұр жалғыздық пен беймәлімдік әлемінде жол көрсететін күш екені сипатталады.

«Махаббатсыздың жаны да жоқ, иманы да,

Расулуллаһ сөзін айттым мәні қайда?» (Tosun, N., Eraslan, K, 2019: 244)

Бұл шумақта Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілік пен оның сөзіне ілесу иманның тірегі ретінде қарастырылған. Ақиқатқа бастайтын рухани жолда Пайғамбарымыздың сөзі мен өнегесі болмаса, адамның жүрегінде махаббатта, иман да орнықпайды. Ахмет Ясауи, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өмір сүру салтын «өмір сүру өнері» деп бағалайды. Бұл өмір сүру өнері нәпсімен күресті, рухани тазалықты, қоғамдық әділеттілікті, адамгершілік тұтастықты қамтиды. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.а.с Алланың уахиымен өмір сүрген, оны тек оқып қана қоймай, мінсіз түрде бойына сіңіріп, оны толықтай іске асырған тұлға. Бұл ойды Ясауи келесі хикметінде былайша жеткізеді:

Алла нұры, Алла досы Мұстафа,  
Кімдер үшін келді Расул білдің бе?  
Хақтың сәлемі мен зікірі Мұстафа,  
Кімдер үшін келді Расул білдің бе? (Tosun, N., Eraslan, K, 2019: 171)

Аталған бәйіттерде Ясауи Мұхаммед Пайғамбарымыздың елшілік миссиясын ерекше қастерлеп, оның барлық адамзат үшін келгенін баса көрсетеді. Ол, Пайғамбарымызды «Алланың нұры», «Алла досы», «Хақ Елшісі» деп сипаттай отырып, оны тану мен оған ерудің рухани кемелдіктің шарты екенін ұқтырады. Осылайша, Ахмет Ясауи хикметтерінде хазіреті Мұхаммедке с.а.с деген сүйіспеншілік пен сүннетке беріктік, исламдық өмір сүрудің тірегі ретінде алға тартылады. Бұл оның әһлі сүннет сеніміне берік, терең сопылық танымға ие болғанын дәлелдейді.

Шынайы исламдық өмір салты, жүректе Алла Тағалаға және Оның Елшісі Хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) деген махаббатсыз жүзеге аспайтын рухани тәжірибе болып табылады. Мұсылман баласы үшін бұл махаббат жай ғана сезім емес, өмірлік бағдар мен амалдардың негізі, бүкіл діни практиканың өзегін құрайды. Өткен ғасырлардан бүгінге дейін өмір сүрген, есімдері белгілі немесе беймәлім қалған барлық мүміндер мен әулие-ғұламалар Құран ахлағымен өмір сүруді мақсат етіп, бұл жолда хазіреті Пайғамбарымыздың өмірін шынайы сүйіспеншілікпен өздеріне үлгі тұтқан жандар болып табылады. Бұл рухани кемелдіктің құпиясы өмір сүруді өнерге айналдырған осы сүйіспеншілік пен үлгі алуда жатыр. Олар Ахмет Ясауидің келесі хикметінде қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беріп қана қоймай, сол жауаптарды өмірінде жүзеге асыра білген тұлғалар еді:

Үммет болсаң, Мұстафаның жолын қуың,  
Сөздерін жан-тәніңмен ұғып алғын.  
Түнде намазда, күндіз ораза болғын,  
Шын үмбеттің түсі сары сабандай болар

Сүннеттерге берік болып үмбет болғын,  
Түні-күні сәлем беріп, достыққа жол салғын.  
Нәпсіні жеңіп, мехнат көрсе де – сабыр болғын,  
Мұндай ғашықтың қос көзі жасқа толар (Tatci, 2016: 283)

Ахмет Ясауи бұл шумақтарында Пайғамбарымызға шынайы ерген адамның түнгі құлшылыққа тұрып, күндіз ораза ұстауын, адамдармен сәлем арқылы достық құруын, нәпсісіне қарсы күресіп, қиындықтарға төзу арқылы рухани ләззатқа жетуін нақты сипаттайды. Мұндай рухани жол хазіреті Пайғамбарымыздың сүннетіне толықтай берілу арқылы ғана мүмкін болады. Ахмет Ясауи Пайғамбарымыздың сүннетіне беріктігін өмірінің соңында да нақты әрекетімен көрсеткен. Ол, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дүние салған жасына (63)ке жеткен кезде, жер астына түсіп, ғибадат пен хикметін жалғыздықта жалғастыруды таңдаған. Бұл таңдауын өзінің келесі шумақтарында былай түсіндіреді:

Пірі мұған Хақ Мұстафа, шүбәсіз біліңдер,  
Қайда барсаңыз да, сипаттап дәріптеңдер.  
Сәлем беріп, Мұстафаға үмбет болыңдар,  
Сол себептен, алпыс үште кірдім жерге. (Öksüz, 2018: 29)

Мұнда «пірі мұған» (рухани ұстаздардың ұстазы) ретінде сипатталған хазіреті Мұхаммедке (с.ғ.с.) деген шексіз сүйіспеншіліктің нәтижесі ретінде Ясауи рухани оқшаулануды, яғни қылуатке түсуді таңдайды. Бұл әрекет оның тек сөзбен емес, ісімен де Пайғамбарымыздың жолына беріктігін дәлелдегенінің көрінісі. Ахмет Ясауи өз хикметтерінде хазіреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадистеріне кең орын беріп, оларды тікелей келтірген. Ол, тіпті, өзінің хикметтерін оқыған мұсылманның сауапқа ие болатынын атап көрсеткен. Бұл көзқарасынан, Ясауидің хикметтерін тек әдеби шығармалар ретінде ғана

емес, рухани тәрбие құралы, әрі шариғи білім көзі ретінде ұсынғаны байқалады. Мысалы, келесі бәйіттерде тікелей хадис мәтіндері поэтикалық құрылымға енгізілген:

“Кәзәптар үмбетім емес” деді Расул сізге,

Ол Мұхаммед Хақ расулы деді бізге. (Әлібекұлы, 2008: 43)

Хикметтегі айтылған шумақтар мына хадис шарифке тура келеді: "Бізді алдаған — бізден емес". (Martı, 2019: 503)

Келесі бір хикметінде де:

Хақ пайғамбары: «Өлмей тұрып өліңдер» деді,

Дидар үшін, мен де өлмей тұрып өлмеймін бе?

«Муту қабле ән тамуту» болыңдар деді,

Дидар үшін, мен де өлмей тұрып өлмеймін бе?– деген. (Vice, 2019: 215)

Ахмет Ясауи өзінің хикметтері туралы былай сипаттайды:

Хикметтерім – Рахманға айтылған мадақ жыр,

Махаббат жолындағы ерлерге – тыныштық пен нұр – деген. (Tosun, N., Eraslan, K, 2019: 548). Бұл тұжырым Ясауидің хикметтерін тек діни поэзия емес, рухани кемелдікке бастайтын діни-хикметтік жол деп қарастырғанын дәлелдейді. Ясауидің көзқарасы бойынша, хадистерді білу және олармен амал ету – шынайы үмбет болудың басты шарты. Ол мұны келесі шумағында нақтылай түседі:

Шын болсаң, бұл сөздерді жақсы біл де ал,

Бұл сөздер таңдаулы үмбетке балдай хал.

Мұнафыққа бұл сөздер жат – салқын амал,

Шын үмбет болсаңдар, тыңдап сәлем беріңдер, достар.» (Fidan, 2018: 572)

Оның діни танымында Құдай сөзі (Құран) мен Пайғамбар сөзіне (хадис) сенбеу, үмбет болу мәртебесінен бас тарту дегенді білдіреді. Ясауи, Пайғамбарымызға үмбет екенін тілмен айтқанымен, оның сүннетіне мойынсұнбаған адамның ақыретте үміт күтуге хақы жоқ екенін мына хикметтерінде атап көрсетеді:

Тәңірі тағала сөзін, Расул Алла сүндетін,

Иланбаған үмбетін үмбетім демес Мұхаммед.

Үмбетпін деп жүрерсің, бұйырғанын қылмассың,

Қалай үміт етерсің, онда ескермес Мұхаммед.

Күнәһәрдың халі мүшкіл-дүр үмбетімін демесе,

Махшарда расуа боларсың, үмбетім демес Мұхаммед» - деген. (Fidan, 2018: 569)

Бұл шумақтарында Ясауи ақырет сахнасындағы жауапкершілікті еске салып, үмбет болудың шарттық сипатына назар аударады, яғни сенім амалмен орындалуы тиіс, деген тұжырымға тоқталады. Қорытындылай келе, Ахмет Ясауи Расулуллаһтың сүннетіне берік, оны өмірдің темірқазығы ретінде қабылдаған сопы-ойшыл. Ол Пайғамбарымызды сүюді Алланы сүюден кейінгі ең жоғарғы махаббат, оған ілесуді иманның шарты деп біледі. Құран мен сүннетке терең бойлаған бұл рухани ілім, Ясауи хикметтерінің мазмұндық өзегін құрайды. Ол хадис ілімінен мол пайдаланған, әрі өз тыңдаушылары мен оқырмандарына осы бағытта өнеге болуға тырысқан.

### **Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріне Құранның әсері**

Құран Кәрім Ұлы Алланың соңғы Пайғамбары Мұхаммед (с.ғ.с.)-ке уахи арқылы түсірген қасиетті кітабы. Құранның негізгі мазмұнын Алланың барлығы мен бірлігі жайлы ілім құрайды. Бұл қасиетті кітаптың тікелей мұрат тұтқан нысанасы адам баласы. Онда Жаратушы мен адам, адам мен әлем арасындағы өзара қатынастар жүйелі түрде баяндалып, тұтастай бір рухани-философиялық негіз қаланған. Сол себепті Құран Кәрім адамның

Раббысымен, қоғаммен және күллі жаратылыспен байланысын реттейтін кемел рухани жолбасшы ретінде қабылданады. Оның түпкі мақсаты адам баласының дүниедегі және ақыреттегі бақытына қол жеткізуіне жол ашу. Ислам шариятының негізін құрайтын төрт дәлелдің (Құран, сүннет, ижма, қияс) алғашқысы ретінде Құран діннің бастауы әрі қайнар көзі болып табылады. Ислам дінін қабылдаған халықтардың ғұламалары мен шайырлары өз еңбектерінде, әдеби шығармаларында және поэтикалық туындыларында сарқылмас екі негізгі рухани бұлақтан сусындаған. Оның бірі Құран Кәрім, екіншісі хадистер. Ұлы түркі ойшылы, сопылық әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі болған Ахмет Ясауи де өзінің хикметтерінде Құран Кәрімді рухани шабыт көзі ретінде кеңінен пайдаланған. Ол Құран іліміне сүйенудің және оған бойсұнудың маңыздылығын үнемі алға тартып отырған. Ясауидің шығармаларында Құран тек мағына жағынан емес, сонымен қатар ойлау жүйесі мен тілдік өрнек тұрғысынан да терең әсер еткен. Оның хикметтеріндегі мынадай жолдар бұл ойымызды нақтылай түседі:

Көңілім қатты, тілім ащы, өзім залым,

Құран оқып, амал қылмас – жалған ғалым. . (Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, 1998:172)

Бұл шумақта Ясауи шынайы діндарлықтың сыртқы біліммен шектелмейтінін, керісінше, Құранда баяндалған үкімдер мен қағидаларды өмірде қолданудың басты міндет екенін меңзейді. Құран ілімін оқып, оны амалға айналдырмаған адамның білімін жалған, ал өзін нағыз залым деп тануы, оның шынайы сопылық дүниетанымынан туындайды.

Үмбет болсаң, ғаріптерге ер сен де,

Аят, хадис айтса, құлақ түр сен де. (Әлібекұлы, 2008: 10)

Құран Кәрім ислам дінінің негізі, тұтас мұсылман үмбетінің өмірлік ұстанымы болып табылатын қасиетті кітап. Мұсылман адам үшін Құран тек оқу мақсатындағы мәтін емес, оны терең түсініп, өмірінде басшылыққа алатын өмірлік қағида болуы тиіс. Құранды тек жаттап оқып шығу жеткіліксіз; оны жүрекпен ұғынып, өмірде қолдану нағыз діндарлықтың көрінісі.

«Інжу сөзім әлемге шашылса егер,

Оқып, ұғып, Құранды апса егер.» (Vice, 2019: 239)

Ахмет Ясауи шығармаларында Құранды түсініп оқудың маңыздылығын жиі алға тартады. Ол Құранның мәнін ұқпаған адамның нағыз мүмін бола алмайтынын мынадай жолдармен білдіреді:

Мүмін емес хикмет естіп жыламайды,

Ерендердің айтқан сөзін тыңдамайды.

Аят, хадис мағынасын ұқпайды,

Бұл риуаятты аршы үстінен көрдім мен.» (Қожа Ахмет Ясауи, Диуани хикмет, 1998: 189 )

Бұл жолдардан аңғарылатыны Құран мен сүннеттің мағынасын түсінбеу адамды тек сыртқы дін ұстанушылықпен шектеп, жүрекпен сенуге жетелемейтінін меңзейді. Мұндай ескерту Ясауидің сопылық дүниетанымының басты ерекшелігі, яғни ішкі тазалық пен рухани тереңдікке ұмтылысынан туындайды. Ахмет Ясауи өз хикметтерінде Құранда баяндалған оқиғаларды жиі қолдана отырып, оларды өзіндік рухани таным аясында түсіндіреді. Бұл шығармаларында ол Пайғамбарлар тарихын көркемдікпен баяндай отырып, одан өнеге мен сабақ алуға үндейді:

Юнус сынды теңіз ішінде балық болсам,

Жүсіп сынды құдық ішін отан етсем,

Жақып сынды Жүсіп үшін көп жыласам,

Осы жолмен, иә, Раббым, сені табар ма екем? (Tosun, N., Eraslan, K, 2019 : 198).

Бұл шумақта ол Құранда баяндалған Юнус, Жүсіп және Жақып Пайғамбарлардың өмір жолын өз ізденісіне рухани бағдар ете отырып, шынайы Хақты тануға ұмтылысын білдіреді. Тағы бір хикметінде Ясауи кішіпейілділік пен нәпсіні тізгіндеудің маңыздылығын төмендегідей суреттейді:

Адам сол жоқ-жітік боп жолда жатса,  
Топырақтай боп, ел оны басып өтсе,  
Жүсіп сынды бауыры оны құлға сатса,

Құлдың құлы ол құл несіне мақтансын? (Demirci, 2018: 22)

Бұл бейнелер арқылы Ясауи Құрандағы Жүсіп қиссасынан мысал келтіріп, өмірдегі шынайы имандылық пен қарапайымдылыққа шақырады. Мұнда Ясауи адамның тектілігі дүние-мүлікпен немесе әлеуметтік дәрежемен емес, рухани тереңдікпен өлшенетінін меңзейді. Бұл ойларын келесі Құран аятынан да байқауға болады. Алла Тағала Жүсіп Пайғамбар туралы: «Оны өте арзан бағамен санаулы дирхамға сатты. Олар оған немқұрайлы қараушылардан еді.» (Құран, Юсуф 20)

Жоғарыда келтірілген хикметтерден аңғарылғандай, Ахмет Ясауи Құран Кәрімді тек діни мәтін ретінде ғана емес, өмірдің мәнін ұғындыратын, кемелдікке бастайтын жол нұсқаушы ретінде қарастырған. Ол үшін Құран — рухани тәрбие мен жүрек тазалығының ең басты қайнары болған. Осы орайда Ясауи өз заманында да, кейінгі ұрпақ үшін де Құранға жүгінудің, оны терең түсінудің маңызын нақты түрде көрсетіп берген.

### Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауидің діни-философиялық дүниетанымы исламдық негіздермен тығыз байланыста қалыптасқан. Оның хикметтеріндегі басты ерекшелік – әрбір ойдың Құран мен хадиске сүйеніп берілуі және осы арқылы халыққа түсінікті тілде насихатталуы. Алдымен, Ясауи «Бисмиллаһ» дәстүрін қатаң сақтап, барлық хикметтерін Алланың атымен бастау арқылы әрбір ізгі істің рухани мәнін айқындады. Бұл мұсылмандық өмір салтында құлшылық пен имандылықтың іргетасы болып саналады. Екіншіден, оның шығармаларында Аллаға толық иман және бағыну идеясы айрықша орын алады. Ясауи адам өмірінің басты мұраты Жаратушыға құлшылық ету, дүние қызығына алданбай, мәңгілік ақиқатқа ұмтылу екенін үнемі ескертеді. Бұл ой сопылық тәлімнің өзегін құрайды. Үшіншіден, Ясауидің діни ой-пікірінде Пайғамбарымызға және оның сүннетіне беріктік аса маңызды орын алады. Ол Мұхаммед Пайғамбарымыздың өмірін үлгі етіп, шынайы мұсылман болудың шарты Құран мен сүннетті қатар ұстану екенін анық көрсетеді. Төртіншіден, Ясауи хикметтерінде Құранның әсері ерекше айқындалады. Ол Құранды тек оқуға емес, оны өмірде қолдануға шақырып, аяттар мен пайғамбарлар тарихын өз поэтикалық тілінде халыққа жеткізді. Осы арқылы Құранды білімнің, рухани тәрбиенің әрі шығармашылықтың басты қайнары ретінде көрсетті. Жалпы алғанда, Қожа Ахмет Ясауидің дүниетанымы Құран мен сүннетке негізделген сопылық-дидактикалық жүйе. Оның хикметтері, исламдық құндылықтарды халық санасына жақын тілде түсіндіріп, ғасырлар бойы түркі-мұсылман әлемінде рухани тәрбие мектебінің іргетасына айналды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Әлібекұлы, А, Дәуітұлы, С, Сағындықұлы, Б. (2008). Әдеби жәдігерлер (20 томдық, 6-шы том. Қожа Ахмет Ясауи. Даналық кітабы). - Алматы: Таймас, – Б. 10.

Қожа Ахмет Ясауи. (1998). Диуани хикмет (Даналық кітабы) (Жармұхаммедұлы, М., Дәуітұлы, С, Шафиғи, М, ред.). Алматы: Жалын, – Б. 85.

Құран Кәрім: қазақша мағынасы және сөзбе-сөз аудармасы. - Дәуір баспасы. – Алматы, 2023.

- Махмуд ибн Ахмад әл-Ғәйни. (2001). У’мдәтү әл-Қари шәрхү сахих әл-Бұхари (1-т., 510 б.). – Байрут: Дәрүл Күтүбүл И’лмия.
- Divani Hikmet’ten Seçmeler, Hoca Ahmed Yesevi. (2019). (Haz. H. Bice). – Ankara: Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları. – S. 215.
- Fidan, E. S. (2018). Hoca Ahmed-i Yesevi’nin Divan-i Hikmet’inde ümmet düşüncesi. VI. Uluslararası Şeyh Şaban-ı Velî Sempozyumu (Yesevîlik) (p. 572). – Kastamonu: Kastamonu Üniversitesi Matbaası. Bice, H. (2019). Divani hikmetten seçmeler. – Ankara: Kültür Yayınları. – S. 239.
- Martı, H. (2019). Hadislerle İslam (Cilt 3). – Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları. – S. 503.
- Malik b. Enes. (1994). el-Muvatta (A. M. Büyükçınar, V. Akyüz, A. Arpa, D. Pasmaz, A. Yücel, Çev., Cilt 4). – İstanbul: Beyan Yayınları. – S. 246.
- Demirci, M. (2018). Ahmed Yesevi’de pratik ahlak. In II. Uluslararası Hoca Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri (p. 22). – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi.
- Tatçı, M. (2016). Divan-i Hikmet, Hoca Ahmed Yesevi. – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı, Merkez Reprö Basım Yayını. – S. 283.
- Tosun, N, Eraslan, K. (2019). Hoca Ahmed Yesevî külliyyâtı. – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı, s.287.
- Yılmaz, Öksüz. (2018). Pir-î Türkistan. – İstanbul: Ketebe Yayınları. – S. 46.

#### REFERENCES

- Alibekuly, A., Dautuly, S., & Sagyndykuly, B. (2008). Adebı zhadıgerler [Literary Monuments]. (20 tomdyq, 6-shy tom. Qoja Ahmet Iasauı. Danalyq kitabı). Almaty: Taimas. – B. 10. (In Kazakh).
- Qoja Ahmet Iasauı. (1998). Diuani hikmet (Danalyq kitabı) [Divan-i Hikmet – The Book of Wisdom]. (Zharmukhammaduly, M., Dautuly, S., & Shafıǵı, M., red.). Almaty: Zhalyñ. – B. 85. (In Kazakh).
- Qur’an Kөрim: qazaqsha maǵynasy zhәne sözbe-söz audarmasy [The Qur’an: Kazakh Translation of the Meanings and Word-for-Word Interpretation]. (2023). Almaty: Dauir baspasy. – B. 604. (In Kazakh).
- Mahmud ibn Akhmad al-Ghaini. (2001). U’mdatü al-Qari sharhu sahih al-Bukhari [The Support of the Reader: Commentary on Şahıḥ al-Bukhārī]. (1-t., 510 b.). Bayrut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiya. – B. 510. (In Arabic).
- Divani Hikmet’ten Seçmeler, Hoca Ahmed Yesevi [Selections from the Divan-i Hikmet, Khoja Ahmed Yasawi]. (2019). (Haz. H. Bice). – Ankara: Milli Eğitim Bakanlığı Yayınları. – S. 215. (In Turkish).
- Fidan, E. S. (2018). Hoca Ahmed-i Yesevi’nin Divan-i Hikmet’inde ümmet düşüncesi [The Concept of the Ummah in Khoja Ahmed Yasawi’s Divan-i Hikmet]. VI. Uluslararası Şeyh Şaban-ı Velî Sempozyumu (Yesevîlik) (p. 572). – Kastamonu: Kastamonu Üniversitesi Matbaası. Bice, H. (2019). Divani hikmetten seçmeler. – Ankara: Kültür Yayınları. – S. 239. (In Turkish).
- Martı, H. (2019). Hadislerle İslam [Islam Through Hadiths]. (Cilt 3). – Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları. – S. 503. (In Turkish).
- Malik b. Enes. (1994). el-Muvatta [al-Muwatta’ (The Well-Trodden Path)]. (A. M. Büyükçınar, V. Akyüz, A. Arpa, D. Pasmaz, A. Yücel, Çev., Cilt 4). – İstanbul: Beyan Yayınları. – S. 246. (In Turkish).
- Demirci, M. (2018). Ahmed Yesevi’de pratik ahlak [Practical Ethics in Ahmed Yasawi]. II. Uluslararası Hoca Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri (p. 22). – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi. (In Turkish).
- Tatçı, M. (2016). Divan-i Hikmet, Hoca Ahmed Yesevi [Divan-i Hikmet, Khoja Ahmed Yasawi (The Book of Wisdom)]. – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı, Merkez Reprö Basım Yayını. – S. 283. (In Turkish).
- Tosun, N, Eraslan, K. (2019). Hoca Ahmed Yesevî külliyyâtı [The Collected Works of Khoja Ahmed Yasawi]. – Ankara: Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı, s.287. (In Turkish).
- Yılmaz, Öksüz. (2018). Pir-î Türkistan [The Spiritual Master of Turkistan]. – İstanbul: Ketebe Yayınları. – S. 46. (In Turkish).